

Әлеуметтік педагогы 2021 – 2022 оқу жылындағы жұмысына талдауы

Мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқық бұзуға бейім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

2021-2022 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың іс-қағаздарын реттеу, жаңарту жұмыстары ұйымдастырылды. Берілген жүктемелер бойынша жылдық жоспар құрылып, жалпыға бірдей білім беру айлығымен қоса атқарылып отырды. Қажетті нормативті құжаттар жинақталды.

Бала тәрбиесімен жүйелі жұмыс жүргізу үшін, баланың отбасы құрамын, тұрмыстық жағдайын, ата-ананың қаншалықты балаға уақыт бөлетінін, отбасындағы психологиялық ахуалды, баланың жеке психологиялық даму деңгейін білу мақсатында біршама педагогикалық- психологиялық іс- әрекеттер жасалынды.

2021 – 2022 оқу жылының қыркүйек айында оқушылардың жаңа тізімі жаңартылды, мектептің әлеуметтік құжаты жасалды.

р/с	Мәлімет	2021 - 2022
	Оқушылардың жалпы саны – 54, соның ішінде ұл – 26, қыз – 28	
1	Жетім балалар	-
	Қамқорлықтағы балалар	-
	Патронаттық тәрбиедегі балалар	-
2	Анасы жоқ балалар(толық емес отбасы)	1
3	Әкесі жоқ балалар	-
4	Мүгедек ата - аналар	-
5	Мүмкіндігі шектеулі балалар	-
6	Үйде оқитын оқушы	-
6	Көпбалалы жанұя	3
	Оның ішіндегі балалар саны	9
7	Оралман отбасы балалары	-
8	Азқамтылған жанұя	2
	Оның ішіндегі балалар саны	5
9	Медициналық диспансерлік есепте тұрған оқушылар саны	-
10	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-
11	Көмілетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-

2021-2022 оқу жылының басында мектеп бойынша әр оқушының әлеуметтік мәртебесі анықталып, барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынды.

Көпбалалы отбасы балалары, жартылай жетім балалар және аз қамтылған отбасы балаларының оқулықпен қамтамасыз етілуін тексерілді және де сол аталған отбасы балалары түгелдей дерлік кітаппен қамтылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы. Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда –Қр Үкіметінің 30.12.2020 №949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысы негізінде "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын басшылыққа ала отырып, «Жалпыға бірдей білім беру» қоры есебінен қыркүйек айынан бастап 5 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды..

Мектепте жаңа оқу жылының басталуына бір ай қалғанда «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын өткізілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата – ананың қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және балалар жылын іске асыру шеңберінде әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету.

2021 – 2022 оқу жылындағы мектепке жол акциясы аясында мектебіміздің 1 сыныптың 7 оқушыларына Ойыл ауданының туылған кәсіпкер Т.Салпиков сөмке және оқу құралдарын табыстады. Ойыл аудандық білім бөлімінен атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы балаларына мынадай көмек түрлері көрсетілді. Екі отбасы балалары, барлығы 5 бала (Жұмабек Ерасыл, Жұмабекова Көркем, Жұмабекова Ақерке, Жасанова Мирас, Жасанова Аймира) мектеп формасы, аяқ киіммен, спорттық костюм, спорттық аяқ киім және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.. Аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына да көмек көрсетілді. Абзалұлы Рамазанға Ойыл аудандық қаржы бөлімінен 35000 теңге көлемінде спорттық костюм мен спорттық аяқ киім, Мейрамбеков Ерасылға Ойыл аудандық төтенше жағдай бөлімінен 20000 теңгеге спорттық костюм мен аяқ киім және сөмке берілді. Талғат Османға Ойыл аудандық

мәдениет үйі 15000 теңгеге костюм шалбар мен туфли табыстады.

Мектебіміздің жұмысшысы Жиеева Қалан Жасанов Мирасқа, Жұмабекқызы Көркемге 12 000 теңге көлемінде сөмке мен оқу құралдарын табыстады. АӘК алатын 2 отбасы балаларына Ойыл аудандық білім бөлімінен 15000 теңгеге мектеп сөмкесі берілді.

Жылдық жоспармен қатар аудандық білім бөлімінен келген қатынастарды басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында отбасы күніне орай ана мен бала арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отбасы күнін атап өту, отбасының ұйтқысы ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Отбасы – отанның бір бөлшегі екендігін ұғындыру, өзара ынтымақ пен бірлікке, татулық пен, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Баланың сурет салуға деген қызығушылығын ояту, ойлау қабілетін дамыту.

Атам қазақ «бала – адамның бауыр еті», «балалы үй - базар» дейді. Өйткені бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, отбасындағы берілетін тәрбиеге тікелей байланысты. Тәрбие басы- отбасынан. Отбасы өзінше кішкентай тәуелсіз мемлекет. Жанұя- ұядағы жандар, яғни, ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің.

Сайыс 7 бөлімнен тұрды, түрлі тапсырмалар берілді. Жақсы орындаған ана мен балалар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қазан айында 7 – 9 сынып оқушыларымен құқық тәртіптерін қорғау және азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеу мақсатында «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

10 желтоқсан күні «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тренинг сабақ өтті. Ондағы мақсаты ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыруға, сыныпта ата-аналарын ынтымақтастықта, өзара сыйластықта бірлесе әрекет етуге, пікір алмасып, ой білдіруге шыңдауға, баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу, жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, баланың отбасына деген махаббатын ояту. Тренинг барысында ата – аналармен жаттығулар ойнатылды, тапсырмалар берілді, ата – ананың бала алдындағы жауапкершілігінің жоғары екендігін сезіну, балаға деген мейірімді болу, т.б кеңестер берілді.

Биыл тағыда пандемияға байланысты аудандық жаңа жыл кеші болмады, бірақ мектебіміздің 3 оқушысына әкімнің құттықтау хаты және планшеттер сыйға тартылды. Олар аз қамтылған отбасы балалары Жасанов М, Жұмабекқызы А және көпбалалы отбасы баласы Бектасқызы Ш.

Мектеп оқушыларының арасында қаңтар айында «Отбасым - мақтанышым» тақырыбында шығарма жаздыру, сурет салу байқауы жүргізілді. Оқушыларға мақсаты түсіндірілді. Сұрақтармен жұмыстар жасай отырып, отбасы құндылықтары туралы түсінік берілді. Оқушыларға уақыт беріліп, тақырыпқа сай суреттер салды. Тақырыптық мағынасы бар жақсы салынған суреттер, жақсы жазылған шығармалар марапатталды.

15- ақпан күні 7-9 сынып оқушыларының арасында « Менің құқығым, менің міндетім! тақырыбында жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту; әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету; баланың бойына еліне, халқына деген патриоттық сезімдерін ояту, елін сүйетін ұрпақ етіп тәрбиелеу. Оқушыларға құқық туралы түсінік жұмыстары жүргізді. Оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауабын алды.

5 – 9 сынып білім алушылармен «Қыз тәрбиесі болашағымыз!» тақырыбында қыз баланың бойына әдептілікті, адалдық пен инабаттылықты дарыту. Мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында қыз балалармен дөңгелек үстел өткізілді. Қыздарға біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықпен мейірімділіктің символы ретінде қарастыратыны туралы айтылды. Қыздар өз пікірлерін білдіріп, қазіргі таңда қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет ететінін айтты. Достарына үлгі болатындай, ата – ананың берген ақылын тыңдап өсіп келе жатқандығын айтып, ой бөлісті.

«Нашақорлық – қоғам дерті» 8-9 сыныптарға баяндама оқылып, суреттер салынды. Мақсаты оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдетіп, оқушыларды салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеуге, өз денсаулығының бағалы байлық екендігіне жағдай жасауға, бауыр, өкпе, миларға нашақордың зияны туралы, біраз мағлұматтар мен оның жұғу жолдары және денсаулыққа зиян екені айтылды.

2021-2022 оқу жылы бойынша жоспарланған шаралардың барлығы орындалды. Барлық жұмыс өз деңгейінде жүргізілді.

Келесі оқу жылында жұмыстарды жақсату мақсатында төмендегідей ұсыныстарды ескеру керек деп ойлаймын.

- Келесі 2022-2023 оқу жылында осы ұсыныстар есепке алынып, оқу жылының басынан көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларға аса назар аударылып, әрқайсысының жағдайына сай қажетті көмек жасау;
- Жаңа оқу жылында оқушылардың ата-аналарымен мектептің қарым-қатынасын одан әрі нығайтып, оларды мектепшілік жұмыстарға көбірек араластыру;

